

¹Бутабаева Л.А.^а, ¹Умирбекова А.Н., ²Исмагулова С.К., ²Ногайбаева Г.А.

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

²Бі. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы, Астана қ., Қазақстан

ИНКЛЮЗИВТІ ОРТАҒА ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ СПОРТ МАМАНДАРЫН КӘСІПТІК БАҒДАРЛАУ

Бутабаева Лаура Аскарловна, Умирбекова Акерке Нурланбековна, Исмагулова Светлана Кужаковна, Ногайбаева Гүлбаршин Аскеновна

Инклюзивті ортаға дене мәдениеті және спорт мамандарын кәсіптік бағдарлау

Аңдатпа. Бұл мақалада инклюзивті ортаға дене мәдениеті және спорт мамандарын кәсіптік бағдарлау бағыттары және дене мәдениетіне спорт мамандарының қатынасын қарастыруға арналған. Мақала барысында инклюзивті білім беру, кәсіптік бағдарлау ерекшеліктері, инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру деңгейде, сапалы негізде құрудағы дене шынықтыру орны мен рөлін көрсету. Білім беру мекемелерінде заманауи инклюзивті білімді сапалы негізде жүргізу үшін дене мәдениеті және спорт мамандарының аса қажеттігі көрсетілген, себебі дене мәдениеті және спорт мамандары медициналық, биологиялық, психологиялық білімдері бар, баланың даму ерекшелігін жақсы игерген, дене мәдениеті, салауатты өмір салтын сақтау бойынша кәсіби шеберлігі бар, инклюзивті негіздегі мәдени білім беруге мүмкіндігінің ерекшеліктері айқын. Болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының инклюзивті ортаға, мүмкіндігі шектеулі балаларға жалпы қатынасы мен қабылдау деңгейін анықтап, көзқарасын талдау үшін дене мәдениеті және спорт мамандарымен сауалнама жүргізіліп, нәтижесі талданып көрсетілді. Қысқаша зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сай қорытынды мен ұсыныстар берілді. Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі IRN AP 14871693 «Мектеп оқушыларын кәсіби бағдарлаудың инклюзивтігін қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық-әдіснамалық негіздері» жобасы аясында қазақстандық ғалымдар жүргізді.

Түйін сөздер: дене мәдениеті және спорт, болашақ маман, кәсіби бағдарлау, инклюзивті білім беру ортасы.

Butabaeva Laura Askarlovna, Umirbekova Akerke Nurlanbekovna, Ismagulova Svetlana Kuzhakovna, Nogaybaeva Gulbarshin Askenovna

Professional orientation of physical culture and sports specialists towards an inclusive environment

Abstract. This article is intended to consider the directions of professional orientation of physical culture and sports specialists to an inclusive environment and the attitude of physical culture and sports specialists to it. In the course of the article, the place and role of physical education in creating an inclusive educational environment at a normal level, on a qualitative basis, will be presented. Physical culture and sports specialists are very necessary to conduct modern inclusive education in educational institutions on a quality basis, because physical culture and sports specialists have medical, biological, psychological knowledge, have well mastered the peculiarities of child development, and have professional skills in maintaining physical culture and a healthy lifestyle. , the features of the opportunity to provide cultural education on an inclusive basis are clear. In order to determine and analyze the general attitude and acceptance level of future physical culture and sports specialists towards an inclusive environment, children with disabilities, a survey was conducted with physical culture and sports specialists and the results were analyzed. Brief conclusions and recommendations were given according to the goals and objectives of the research. This study was conducted by Kazakh scientists, within the framework of the project of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan IRN AP14871693 «Organizational and methodological foundations for ensuring inclusiveness of school students' career guidance».

Key words: physical culture and sports, future specialist, professional orientation, inclusive educational environment.

Бутабаева Лаура Аскарловна, Умирбекова Акерке Нурланбековна, Исмагулова Светлана Кужаковна, Ногайбаева Гүлбаршин Аскеновна

Профессиональное ориентирование специалистов физической культуры и спорта к инклюзивной среде

Аннотация. В данной статье рассматриваются направления профессиональной ориентации специалистов физической культуры и спорта на инклюзивную среду и отношение к ней, а также место и роль физического воспитания в создании благоприятной и качественной инклюзивной образовательной среды. Специалисты по физической культуре и спорту необходимы для создания

современного инклюзивного образования в общеобразовательных учреждениях на качественной основе, поскольку специалисты по физической культуре и спорту владеют медицинскими, биологическими, психологическими знаниями, знакомы с особенностями развития ребенка, обладают профессиональными навыками поддержания физической культурой здорового образа жизни. С целью определения уровня принятия и общего отношения будущих специалистов физической культуры и спорта к инклюзивной среде, детям с ограниченными возможностями здоровья был проведен опрос специалистов физической культуры и спорта и проанализированы его результаты. В соответствии с целями и задачами исследования даны краткие выводы и рекомендации. Данное исследование было проведено казахстанскими учеными в рамках проекта МОН РК ИРН АР14871693 «Организационно-методологические основы обеспечения инклюзивности профессионального ориентирования обучающихся школ».

Ключевые слова: физическая культура и спорт, будущий специалист, профессиональная направленность, инклюзивная образовательная среда.

Кіріспе. Инклюзивті білім берудің басты мақсаты еліміздің әр азаматын қалыпты әлеуметтік ортаға бейімдеу, барлық тұлғаның дамуына, өніп-өсуіне, білім алуына, еңбек етуіне қолайлы орта құру мүмкіндігін көрсетеді. Инклюзивті ортада арнайы педагог мамандармен қатар, педагог, психолог, әлеуметтік педагог, дене мәдениеті және спорт маманы сынды қосымша мамандық иелерінің рөлі зор. Себебі білім беру мекемелеріне еркін түрде келу мен кету, барлық мүмкіндігі шектеулі балаларды тең дәрежеде әлеуметтік өмірге қосу ең бір маңызды міндеттемелердің бірі. Бүгінде әрбір білім, білік және дағды өмірге пайдалы, болашақ қызметінде нақты қолданылуға мүмкіндік беретін дағдылар, барлық әмбебап мамандық иесіне жарамды болуын қадағалау керек. Оқу орнын бейімдеу ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың жеке мүмкіндіктерін ескеруден тұрады. Жалпы негізде бүгінде әр баланың мүмкіндігін ескеруге, болашақ маманның жеке-тұлғаға бағдарланған әдістемесін қолдану маңызды [1].

Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы негізде қолдау, психологиялық-педагогикалық демеу шараларынан тұрады. Психологиялық және педагогикалық демеу көрсету жүйелі түрде, білім беру мекемелерімен ұйымдастырылатын іс-шара, оның негізінде қалыпты және сапалы білім беру ортасын құру мүмкіндігі, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға дербес негіздегі амал құру арқылы қоғамдық ортаға бейімдеу орын алады [2]. Жалпы осы қалыпты орта құрудағы ең бір маңызды фактор қосымша мамандар қызметі, яғни дефектолог маманмен қатар қосымша мамандар, мысалы әлеуметтік педагог, психолог, дене мәдениеті және спорт мамандары кіреді. Бұл мамандар оқу үдерісін жүйелі түрде жүргізуде маңызды зор. Ал инклюзивті білім беру ортасына болашақ мамандардың дұрыс негіздегі дайындығын қалыптастыру, бағыт-бағдарын беру, бағдарлау мүмкіндіктерін айқындау аса өзекті.

Инклюзивті білім беру дегеніміз жалпы ғылыми термин ретін Саламан декларациясы негізінде 1994 жылы ендірілген, ол ерекше білім қажеттілігі бар білім алушыларды білім беру жүйесіне практикалық негізде, саяси және ұстанымдық мүмкіндіктерін ендіру [3].

Еліміздің әлемдік аренада белгілі бір даму аймағында өз үлесіне ие болуы үшін әсер етуші факторлар сан алуан, соның бірі және зерттеу маңыздысы шетелдік білім беру жүйесімен сәйкес оқыту жүйесін құру, ал оның қатарынан қалыпты негіздегі инклюзивті білім беру жүйесі маңызды орынға ие. Осы орайда, әр жоғары оқу орындары өз мамандарын дайындау үдерісіне, инклюзивті білімге бағдар беруінің өзектілігі айқын екенін көреміз. Сол сияқты, дене мәдениеті және спорт саласының болашақ мамандары инклюзивті білім беру жүйесі деген не, мүмкіндігі шектеулі бала категориялары кімдерді қамтиды және сапалы түрде инклюзивті білім беру ортасында жұмыс жасау мүмкіндіктерін дамытуға басты назарды бөлуі керек. Жалпы инклюзивті білім беру пәні әр мамандықтың білім беру бағдарламасына міндеттелген пәндер қатарына кіретіндіктен, болашақ мамандарға жалпылама ақпарат беретіні мәлім. Дегенмен бұл пән тереңдетіліп оқытылмайды, алғашқы курстарда базалық білім компоненті ретінде жүреді. Яғни болашақ мамандарда жалпылама ақпарат бар, ол білім беру жүйесіне деген қатынасын айқын көрсете алу мүмкіндігіне ие. Дегенмен, болашақ дене мәдениеті және спорт мамандары үшін, мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс түрлерін, жаңа әдістерін, оқыту формаларын, тәсілдерін білу маңызы зор. Өйткені жалпы тұлғаның физикалық дамуы, оның қырсырын жетік меңгерген мамандардың болуы, сапалы негіздегі инклюзивті білім беру ортасын құруда маңызды айқын әрі өзектілігі зор екенін көреміз.

Осы орайда, инклюзивті ортаға дене мәдениеті және спорт мамандарын кәсіптік бағдарлау

бағытында жүргізілген зерттеуге сәйкес, *мақсатты түрде* дене мәдениеті және спорт мамандарының дайындығына сай инклюзивті орта ерекшеліктерін ескеру мен қажетті дағдыларды қалыптастыру мүмкіндіктерін көрсетуді жөн көрдік. *Зерттеуіміздің басты міндеттері*, инклюзивті білім беру ортасының негіздерін теориялық негізде талдау арқылы маңызын айқындау, дене мәдениеті және спорт мамандарының дайындық деңгейіне сай инклюзивті білім беру ортасына сай рөлін көрсету, практикалық міндеттемесі болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының инклюзивті білім беру ортасында жұмыс жасауға даярлығын, жалпы инклюзивті білім беру туралы түсініктердің қалыптасу деңгейін көруге бағытталған.

Әдістер мен материалдар. Мақала жазу кезінде ғылыми негізде психологиялық және педагогикалық еңбектер талданып, әдістемелік мүмкіндіктер айқындалды. Инклюзивті білім беру, дене мәдениеті және спорт мамандарының ерекшеліктері көрсетіліп, негізгі кәсіптік бағдарлау мүмкіндіктері айқындалып, ғылыми-теориялық негіздеріне талдау жасалды. Зерттеу кезінде дене мәдениеті және спорт мамандарының инклюзивті білім берудегі рөлі, мүмкіндіктері, білім беру мазмұны, мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасаудың ерекше белгілері анықталды. Дене мәдениеті және спорт мамандарының инклюзивті ортаға көзқарасы, жалпы мүмкіндігі шектеулі балаларды қабылдау ерекшеліктері теориялық негізде талданып, эмпирикалық негіздегі зерттеулер қажеттілігі айқындалып, сауалнама алынып, маңызды сипаттамаларына талдау жасалынды. Зерттеу негізінде алған нәтижелер арқылы тиімді қорытындылар жасауға мүмкіндік алдық.

Нәтижелер мен талқылаулар. Ғалымдардың зерттеуінің нәтижесінде бейімделген дене мәдениеті бағдарламаларының негізгі мазмұндық құрамы ерекше білім қажеттілігі бар білім алушылардың өзін-өзі өзектендіру, өзіндік білім алу ерекшеліктері, өзін-өзі іске асыру мүмкіндіктері, ол өз кезегінде мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін дене мәдениеті мен спорт мүмкіндіктерін кең негізде ашады, кәсіби бағдар беру аясын кеңейтеді. Білім беру үдерісінің негізгі субъектілері іс-әрекетін маңызды түрде бағдарлау мен әр білім алушыға жеке білім алу траекториясын ашу мен білім беру жүйелерінде инклюзивті білім беру мүмкіндіктерін дене мәдениеті және спорт бағдарламалары бойынша іске асыруға мүмкіндік тудырады [4].

Жоба негізінде алған нәтижелеріне сай «Тьютерлер мектебін» құру мүмкіндіктерін қарастырған; осы бағдарлама арқылы болашақ мамандардың іс-әрекетіндегі жаңа әрекеттерді, көптеген күнделікті өмірде туындайтын міндеттерді шешу, өзгені дұрыс түсіну мен дұрыс қабылдай алу мүмкіндіктерін, эмпатияны басқару, ерекше білім қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасау ерекшеліктерінің мүмкіндіктерін көрсеткен. Яғни бұл бағдарлама мазмұнына ерекше білім алу қажеттілігі бар балалар қандай, ерекше білім алу қажеттіліктері не деген сұраққа, ерекше білім алу қажеттілігі бар адамдарға көмек беру мүмкіндіктері, көзі көрмейтін ерекше білім алу қажеттілігі бар адамдардың ерекшеліктері туралы ақпараттар беру, тренингтік сабақтар жүргізілген [5].

Зерттеу барысында дене шынықтырумен шұғылданду дені сау бала үшін де, мүмкіндігі шектеулі бала үшін де аса өзекті екенін көрсеткен. Көп жағдайда мүмкіндігі шектеулі бала үшін дене шынықтыру психологиялық жағынан да, дене дамуы жағынан да, әлеуметтік деңгейі жағынан да таптырмас бейімдеу амалы бола алатындығы сипатталады. Сабақ уақытында ғана емес, сонымен қатар сабақтан тыс уақытта да түзету, сауықтыру шараларына арнау қажеттілігін алға тартады. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс ерекшеліктерін ескеретін маман даярлау мәселесі қазір аса маңызды және ерекше қажеттілігі бар білім алушылармен жұмыс ерекшелігін ескеретін білікті маман болу қоғамның заманауи міндеттемелерінің бірі болып табылады [6].

Инклюзивті білім беру ортасында дене мәдениеті және спорт мамандарының жұмысын жетілдіру мәселелері кезінде көптеген кедергілерге тап болады, олардың қатарына білім беру үдерісін қажетті ақпаратпен қамту, әр білім беру үдерісі субъектісінің қажеттілігін ескеріп, білім беру ортасын құру, болашақ педагог маманның психологиялық ахуалын арттыру, мектеп оқушылары мен ерекше мүмкіндігі бар балалар арасындағы қарым-қатынастар барысында туындайтын қиындықтар, сондай-ақ, дене мәдениеті және спорт мамандарының үнемі қозғалыс аясы басым болуы себепті, қысым жағдайында қызмет етеді. Дене мәдениеті және спорт маманының баланың қауіпсіздігіне, әр балаға көңіл бөлу қажеттілігіне қарай жауапкершілік деңгейінің жоғары болуын қажет етеді, ал жауапкершілік белгілі деңгейдегі қысымды арттырады [7].

Авторлар өз зерттеуіндегі эксперимент кезінде, оның өту формасына – әңгіме, тестілеу, сауалнама жүргізу арқылы 18 бен 21 жас аралығындағы 30 студент қатысқан. Студенттерге бірнеше сұрақтар берілген (Мүмкіншілігі шектеулі балаларды қоғамның толыққанды мүшесі ету маңызы бар ма, егер болмаса не себептен; Қалыпты ортаға мүмкіндігі шектеулі балаларды қосуға қарсы немесе қолдаймын, себебі? Педагог маман инклюзивті білім беру нәтижелерімен жұмыс жасауы қажет не қажет емес? Инклюзивті білім беру ортасына сай болашақ маманды тәрбиелеу қажет немесе қажет емес? Инклюзивті білім беруді жалпы мектептерде іске асыру оқу үдерісін тиімді етеді, себебі?). Жүргізген зерттеу нәтижесінде алынған нәтижелер бойынша студенттер мүмкіндігі шектеулі балалармен бірге оқуға, бірге жұмыс жасауға қарсы емес екендігін атап көрсеткен [8].

Білім беру мекемелерінде заманауи инклюзивті білімді сапалы негізде жүргізу үшін дене мәдениеті және спорт мамандары аса қажет, дене мәдениеті және спорт мамандары медициналық, биологиялық, психологиялық білімдерді игерген, баланың даму ерекшелігін жақсы игерген, дене мәдениеті, салауатты өмір салтын сақтау бойынша кәсіби шеберлігі бар, инклюзивті негіздегі мәдени білім беруге мүмкіндігі кең болады. Осы орайда инклюзивті білім беруде дене мәдениеті және спорт мамандарының аса қажеттілігі айқын екенін көреміз. Болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының кәсіби даярлау деңгейіндегі негізгі компоненттер инклюзивті білім беру жүйесімен ынтымақтастықта дамып, өзара шартты түрде іске асады [9].

Мүмкіндігі шектеулі адамдардың денсаулығының мүмкіндіктерін ескеру аса маңызды, спорт аясында ешбір шектеу көрмес үшін арнайы жағдайларды құру қажет, ол тек оқуға немесе спортқа емес, сондай-ақ өмірдің барлық сәттерінде маңызды әрекеттерге қатысты болады. Мемлекет тарапынан спорт кешендерінің арнайы бейімделуі, білім беру мекемелерінің арнайы бейімделуі орын алуы керек. Спорт кешендерінің, оңалту орталықтарының маңызы зор; себебі олар тұлғаның әлеуметтік ортаға толық бейімделуін қамтамасыз етеді [10].

Әр адаммен жүргізілетін жаттығулар жиыны, қозғалыс белсенділігі, дене тәрбиесі қажетті деңгейде іске асырылуы керек, осы орайда сапалы негіздегі болашақ маманды дайындау мәселесі аса өзекті. Дене мәдениеті және спорт жаттығуларын және оның адам ағзасына әсерін денсаулықты нығайту деңгейінде және психологиялық негізде

қарастыруға болады. Спорт ұлттық мәдениет құралы, білім беру жүйесіндегі тәрбие құралы, денсаулықты нығайту мүмкіндігі, оңалту шаралары, психологиялық сауықтыру құралы ретінде әлеуметтік негізде бейімдеудің таптырмас негізі болады [11].

Спорттық негізде бағдарлау жұмыстары келесідей маңызды психологиялық-педагогикалық көмек көрсетудің бағдарларын көрсеткен, негізгі ол бағдарлар жаттықтыру үдерісіне орай, жарыстарға қатысты, спорттық іс-әрекетте негізгі жағдаяттарды шешу арқылы, болашақ маман ретіндегі қажетті өмірлік маңызы бар дағдыларды игеру. Тренердің спортшыға психологиялық және педагогикалық көмек түрлері спорттық бағдар мен спорттық іріктеуден, тәрбие беруден, оқытудан, спорттық іс-әрекетті игеру дағдылары, білім мен біліктерін дамытудан, спорттық іс-әрекетті диагностикалау, түзету, кеңес беру, спорттан кеткеннен кейінгі кәсіби бағдар болуын қамтамасыз етеді [12].

Бұл эмпирикалық зерттеуді жүргізудің мақсаты болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының инклюзивті білім беру ортасында жұмыс жасауға даярлығын, жалпы инклюзивті білім беру туралы түсініктерін қалыптастыруын көруге бағытталған. Бұл болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарын кәсіби-педагогикалық мәдениетін, яғни кәсіби маман ретінде қоғамға пайдалы іс-әрекет атқару мүмкіндігін, ерекше бағыт-бағдарын анықтауға арналған.

Зерттеу Абай атындағы ҚазҰПУ базасында, дене мәдениеті және спорт мамандығы бойынша оқитын студенттерімен жүргізілді. Жалпы бұл зерттеу түрлері көптеген қосымша бағыт мамандықтарына арналған, яғни жалпы жас мамандардың инклюзивті білім беру ортасын түсіну деңгейін көрсетеді.

Жалпы студенттермен инклюзивті орта жағдайында жұмыс жасау мүмкіндіктерін, көзқарасын анықтау кезінде, келесідей маңызды сұрақтар берілді және талданды. Инклюзивті білім туралы білімі, олардың ерекше қажеттіліктерін қалай түсінетіндігі, ерекше қажеттілік ұғымының мәні неде, инклюзивті білім беру ортасында жұмыс жасау үшін дене мәдениеті және спорт маманына қандай біліктіліктер қажет деп ойлайсыздар, инклюзивті білім беру ұстанымдары, оған сәйкес өз кәсіби іс-әрекетінді бейімдеу, қайта құру мүмкіндігі қандай, инклюзивті білім беру құндылығы неде, білім беру ортасына бейімдеу мен ерекше білім қажеттілігі бар тұлғалармен жұмыс кезіндегі қиындықтар, кәсіби маман ретіндегі даму мүмкіндіктері, білім беру меке-

мелерінде мамандардың бірлесіп жұмыс жасауының арнықтылықтарын білесіз бе, атап берсеңіз деген бағыттағы сұрақтар қойылып, нәтижесінде әр түрлі жауаптар алынғанының куәгері болдық.

Бұл сұрақтардың нәтижелері 1-16 балл аралығында бағаланды, әр көрсеткіш бойынша бағалар қосындысы есептелінді. 0-5 аралығында жинақталған балл кәсіби педагогикалық мәдениет деңгейінің инклюзивті ортада жұмыс деңгейінің өтпелі деңгейі ретінде, 6-11 балл арасындағы көрсеткіш базалық білім ретінде, 12-16 балл аралығы жоғары көрсеткішті берді.


Сонымен қатар қосымша әдістемелерді қолдану бізге, болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының инклюзивті білім ортасына дайын-

дық деңгейін, оны болашақ кәсібінде қандай негізде қолдана алатыны туралы ақпарат алуға көмек берді. Соның бірі А. Мехрабиен және Н. Эпштейннің эмпатиялық қатынасты анықтаушы әдістемесі. Ол әдістемені жүргізу нәтижесінде, төмен деңгейлі психологиялық құзыреттілігі бар студенттер саны – 25%, орташа – 53%, жоғары – 22%; Эмпатияны танытуға дайын студенттер саны орта есеппен 47% респондент; жоғары негіздегі эмпатияны танытуға даяр студенттер саны 10% пайызды құрады. Осы орайда, болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарын инклюзивті ортаға дайындау мен кәсіби негіздегі бағдарлау маңыздылығы айқын болды. Өйткені пайыздық көрсеткіш көптеген студенттерде, инклюзивті ортаға дайындық деңгейі төмен екені көрінді.

1-кесте – Инклюзивті ортаға дайындық деңгейін анықтау, болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының кәсіби-педагогикалық мәдениеті деңгейі бойынша қызметінің мониторинг кестесі

Деңгейі	Эксперименталды топ		Бақылау тобы	
	Студент саны	%	Студент саны	%
Өтпелі	7	39	8	40
Базалық	9	45	9	45
Жоғары	3	16	3	15

Диаграмма түріндегі инклюзивті дайындық деңгейінің көрсеткіші келесідей берілген.



1-сурет – Инклюзивті ортаға дайындық деңгейін кәсіби-педагогикалық мәдениет деңгейін мониторингілеу арқылы сипаттау

Біз жүргізген зерттеуімізге сай болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының кәсіби-педагогикалық мәдениеті инклюзивті білім беру ортасына толық негізде дайындауда мүмкіндігі төмен екендігін байқадық. Алғашқы тексеру деңгейінде көріп тұрғанымыздай екі топ нәтижесі тең, осы орайда қосымша студенттермен кәсіби бағдарлау жұмысын арттыру маңызы бар екенін айқын көре алдық.

Қорытынды. Бұл зерттеу белгілі негіздегі міндеттемелерді шешуге мүмкіндік берді, олардың қатарында: – Педагогикалық бағыттағы мамандарды дайындауда, кіріктірілген білім беру мазмұнын қарастыру және оның дене мәдениеті және спорт саласымен өзара байланысы мен рөлі туралы заманауи педагогикалық, психологиялық ақпараттарды саралау арқылы, негізгі мәндік ерекшеліктері айқындалып берілді;

– Психологиялық және педагогикалық ғылыми бағыттағы әдебиет көздерін талдау негізінде білім беру үдерісінің негізгі субъектілері іс-әрекетін маңызды түрде бағдарлау мен әр білім алушыға жеке білім алу траекториясын ашу мен білім беру жүйелерінде инклюзивті білім беру мүмкіндіктерін дене мәдениеті және спорт бағдарламалары бойынша іске асыруға мүмкіндік тудыратын мүмкіндігі бар;

– Инклюзивті білімді сапалы негізде жүргізу үшін дене мәдениеті және спорт мамандарының рөлі зор, себебі дене мәдениеті және спорт дайындық бағдарламасына медициналық, биологиялық, психологиялық білімдер толық негізде ендірілген, соның барысында бұл бағытта білім алушы әр бала даму деңгейіне сай жеке денелік, психологиялық және медициналық даму ерекшелігін игерген, салауатты өмір салтын сақтау бойынша кәсіби шеберлігі бар, инклюзивті негіздегі мәдени білім беруге мүмкіндігі кең екендігі білім беру бағдарламасының ерекшелігі ретінде айқын дәлелденді;

– Эмпирикалық зерттеу нәтижесінде болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының кәсіби-педагогикалық мәдениеті инклюзивті білім беру ортасына толық негізде дайындауда мүмкіндігі төмен екендігін көрдік; жалпы студенттердің инклюзивті білім беру, кәсіби бағдар, өз мамандығының ерекшеліктерін ескеру, мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс ерекшеліктері, білім беру бағдарламасына кіріктірілген негізде оқу мүмкіндіктері деген бағыт-

тарда ұғымы бар, дегенмен қосымша шебер сынып пен әмбебап дағдыларды, болашақ кәсібінде кәсіби бағдарды көрсетуші оқу-құралдарын әзірлеу қажеттігі бар екенін де көрсетті.

Жалпы инклюзивті білім беруді оқу үдерісіне ендірудің үлкен мәселелері заңды құжаттамалар аздығымен, арнайы мемлекет тарапынан күшті қолдау болмауымен, инклюзивті білімге көшу жолында арнайы мектептердің болмауымен сипатталады. Сондай-ақ, оқу үдерісіндегі мәселелердің бірі әр оқушының жеке мүмкіндігін ескеріп оқытудың төмендігі, білім беру жүйесінің білім беру стандартына толық негізде қатаң бағынуынан, бейімделген білім беру бағдарламаларының аздығынан көрініс табады.

Осыған орай, мемлекет тарапынан негізгі құқықтық құжатнамалар мазмұнын қоғам талабына сай толықтыру мүмкіндіктерін кеңейту; педагог мамандарды дайындаушы жоғары оқу орындарында инклюзивті білім беру пәнінің сағат санын ұлғайтып, нақты мамандық ерекшеліктерін ескеріп басты кәсіби бағытын толықтырушы пәндер ендіру, яғни білім беру бағдарламаларының мазмұнын саралау қажеттілігі бар екендігін алға тартамыз. Барлық педагог мамандардың инклюзивті ортаға дайындығы өзектілігі айқын мәселе ретінде, тұлға дамуындағы қызығушылық, бейімділік мүмкіндіктерін ескеріп, педагог ретіндегі жауапкершілігін арттырып, ұжымдық қарым-қатынас мүмкіндігін кеңейтіп, іс-әрекеттің қоғамның дамуына бағдарлау қажеттілігі бар екенін көрсетеміз.

Әдебиеттер

- 1 Об утверждении Правил психолого-педагогического сопровождения в организациях образования Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 12 января 2022 года № 6. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 18 января 2022 года № 26513.
- 2 О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам инклюзивного образования Закон Республики Казахстан от 26 июня 2021 года № 56-VII ЗРК.
- 3 Афонькина Ю.А. Организационно-методические основы инклюзивного образования: учебное пособие / Ю.А. Афонькина, Т.В. Кузьмичева. – Мурманск: МАГУ, 2018. – 114 с.
- 4 Скитневский В.Л., Бурханова И.Ю., Полебенцев С.Н. Смысловые ориентиры содержания инклюзивных программ адаптивного физического воспитания в вузе // Проблемы современного педагогического образования. – 2019. – №62-4. – С. 200-202.
- 5 Шихвердиев С.Н. Профессиональное самоопределение спортсменов, находящихся на этапе завершения спортивной карьеры // Ученые записки 2010. – № 5 (63). – С. 129-133.
- 6 Пястолова Н.Б. Инклюзивная физическая культура: состояние, проблемы, перспективы // Физическая культура. Спорт. Туризм. Двигательная рекреация. – 2021. – №1. – С. 118-124.
- 7 Кетриш Е.В. О проблеме инклюзивного образования в сфере физической культуры // Сибирский педагогический журнал. – 2015. – №3. – С. 121-124.
- 8 Купрюхина Е.С. Инклюзивная физическая культура и спорт в системе высшего образования // Молодой ученый. – 2021. – № 23 (365). – С. 363-365.
- 9 Вартанова Я.А., Козырева А.В., Антонов О.Е., Магомедов Р.Р. Модель готовности педагога по физической культуре к работе в условиях инклюзивного образования // Обеспечение глобальной конкурентоспособности науки и образования: сб. науч. трудов по матер. междунар. науч.-практич. конф. – Белгород: ООО Агентство перспективных научных исследований (АПНИ), 2021. – С. 80-84.

- 10 Аллахвердиева Л.М., Султанова М.К. Роль физической культуры и спорта в социальной адаптации студентов с ограниченными возможностями здоровья // Вестник Донецкого педагогического института. – 2017. – №1. – С. 60-64.
- 11 Поддубская А.А., Лавриченко С.П. Значение спорта и физической активности для людей с ограниченными физическими возможностями // Молодой ученый. – 2022. – № 42 (437). – С. 260-262.
- 12 Казанцев С.А. Система условий формирования профессионально-педагогических компетенций тренера по спортивно-му ориентированию // Общество. Среда. Развитие (Terra Humana). – 2013. – №2(27). – С. 205-208.

References

- 1 Ob utverzhdenii Pravil psihologo-pedagogicheskogo soprovozhdeniya v organizatsiyah obrazovaniya Prikaz Ministra obrazovaniya i nauki Respubliki Kazahstan ot 12 yanvarya 2022 goda № 6. Zaregistrirovan v Ministerstve yusticii Respubliki Kazahstan 18 yanvarya 2022 goda № 26513.
- 2 O vnesenii izmenenij i dopolnenij v nekotorye zakonodatel'nye akty Respubliki Kazahstan po voprosam inklyuzivnogo obrazovaniya Zakon Respubliki Kazahstan ot 26 iyunya 2021 goda № 56-VII ZRK.
- 3 Afon'kina YU.A. Organizacionno-metodicheskie osnovy inklyuzivnogo obrazovaniya: uchebnoe posobie / YU.A. Afon'kina, T.V. Kuz'micheva. Murmansk: MAGU, 2018. – 114 s.
- 4 Skitnevskij V.L., Burhanova I.YU., Polebencev S.N. Smyslovye orintiry sodержaniya inklyuzivnyh programm adaptivnogo fizicheskogo vospitaniya v vuze // Problemy sovremennoego pedagogicheskogo obrazovaniya. – 2019. – №62-4. – S. 200-202.
- 5 SHihverdiev S.N. Professional'noe samoopredelenie sportsmenov, nahodyashchihsya na etape zaversheniya sportivnoj kar'ery // Uchenye zapiski 2010. – № 5 (63). – S. 129-133.
- 6 Pyastolova N.B. Inklyuzivnaya fizicheskaya kul'tura: sostoyanie, problemy, perspektivy // Fizicheskaya kul'tura. Sport. Turizm. Dvigatel'naya rekreaciya. – 2021. – №1. – S. 118-124.
- 7 Ketrishev E.V. O probleme inklyuzivnogo obrazovaniya v sfere fizicheskoy kul'tury // Sibirskij pedagogicheskij zhurnal. – 2015. – №3. – S. 121-124.
- 8 Kupryuhina E.S. Inklyuzivnaya fizicheskaya kul'tura i sport v sisteme vysshego obrazovaniya // Molodoj uchenyj. – 2021. – № 23 (365). – S. 363-365.
- 9 Vartanova YA.A., Kozyreva A.V., Antonov O.E., Magomedov R.R. Model' gotovnosti pedagoga po fizicheskoy kul'ture k rabote v usloviyah inklyuzivnogo obrazovaniya // Obespechenie global'noj konkurentosposobnosti nauki i obrazovaniya: sb. nauch. trudov po mater. mezhdunar. nauch. praktich. konf. Belgorod: OOO Agentstvo perspektivnyh nauchnyh issledovanij (APNI), 2021. – S. 80-84.
- 10 Allahverdieva L.M., Sultanova M.K. Rol' fizicheskoy kul'tury i sporta v social'noj adaptatsii studentov s ogranichennymi vozmozhnostyami zdorov'ya // Vestnik Doneckogo pedagogicheskogo instituta. – 2017. – №1. – С. 60-64.
- 11 Poddubskaya A.A., Lavrichenko S.P. Znachenie sporta i fizicheskoy aktivnosti dlya lyudej s ogranichennymi fizicheskimi vozmozhnostyami // Molodoj uchenyj. – 2022. – № 42 (437). – С. 260-262.
- 12 Kazancev S.A. Sistema uslovij formirovaniya professional'no-pedagogicheskikh kompetencij trenera po sportivnomu orientirovaniyu // Obshchestvo. Sreda. Razvitie (Terra Humana). – 2013. – №2(27). – S. 205-208.

Хат-хабарға арналған автор (бірінші автор)	Автор для корреспонденции (первый автор)	The Author for Correspondence (The First Author)
<p>Бутабаева Лаура Аскарловна – PhD, постдокторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: lbutabayeva@gmail.com</p>	<p>Бутабаева Лаура Аскарловна – PhD, постдокторант, Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан, e-mail: lbutabayeva@gmail.com</p>	<p>Butabayeva Laura Askarovna – PhD, postdoctoral student of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan, e-mail: lbutabayeva@gmail.com</p>